

Наурызда туылғандар



Айзат АСҚАРҚЫЗЫ,
ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының
3 курс студенті

Наурыз – жыл басы. Нағыз жаңа жылымыз осы Наурыз айында бастау алады. Күн жылынып, қар еріп, жан – жануар бәрі оянып, көңілденген кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып күн де қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып тұрған кез.

Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерістерінің кезеңінде дүниеге келген кісілер бақытты шығар. Қазағымыздың жаңа жылы бастау алатын кезеңде өмірге келген адамдармен сұхбаттасқан едім. Жалпы наурыз айын қалай ұлықтайды екенін тереңінен білдім.

Наурызбай Тастеміров, студент:
– Наурыз – достық, еңбек, бейбітшілік айы. Есімімді ата-анам наурыз айына тұспа-тұс келгендіктен қойған. Туылған күнім 16 наурыз болса да, отбасымызбен 22 наурызға қарай келтіріп тойлаймыз. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектерін айтады.

Несібелді Байтенова, тоғыз баланың анасы, «Алтын алқа» иегері:
– Ұлыс келер түні Қызыр бабаға арналып әр үйдің төрінде қос шырақ жағылатын болған. Үй иелері бар ыдысты аққа, суға, «ырыс толсын» деп дөнге, «жауын-шашын көп болсын» деп бұлақ суына толтырады. Ертеректе ауыл адамдарын ұйқысынан тұрғызу үшін қолданылған мынадай қызық дәстүр болған. Жастар асау тайыншаны құрықтап, оған ерттелген ашамайға зор қуыршақты таңып байлап, ауыл ішіне бос жібереді. Мөңкіп тулаған асау ауылды азан-қазан етсе де, ешкім

бұған өкпелемеген. Күлімдеп көрінген күнге сәлем беріп, шаруаға кіріседі. Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, ал егілген талдың саясы мен жемісі мол болады деп сенген. Жаңа сап түзеген шыбықтарға ақ шашу да жақсы ырым. Халқымыз жаңа жылға ертеден дайындалатын. Қысқы соғымның әбден сүрленген қадірлі мүшелерін осы күні қазанға саламын деп сақтаған. Жас келіндер, бойжеткендер болса, кесте, орамал тігіп, бозбалалар жағы ағаштан тұрмыс бұйымдарын жасап, темірден сәндік бұйымдарын соққан. Мұның бәрі – күн мен түн теңесетін шақта кәдеге асатын «ұйқы ашар», «селт еткізер» жоралғыларының сый-тартулары. Көктемгі «өліара» өтісімен, ата-бабамыз үй айналасын тазартып, қалың қар тігісі сөгілген жайылымға мал шығарған. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сенім бойынша, үйішін де қағып-сілкіп, отпен аластатылған.

Наурызбай Таңатқан, студент:
– Наурыз – жыл басы. Менің есімімді осыған орайластырып, ырымдап кіндік шешем қойған. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Мен өзім наурыз айында туылғанымна қуанамын. Себебі, бұл кезде күн жылынып, айнала мейірімге толы болады. Осы айдағы мерекелер де өзіндік ерекше сипатқа ие. Мысалы, 8 наурыз, 22 наурыз. 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. "Көкпар", "Бәйге", "Қыз қуу", "Жамбы ату" ойындары аса бір қуанышпен өтетін. Көңілді өткен Наурыз күні менің есімде көпке дейін сақталатын.

Әлемнің жарығын сыйлаған – тек ана

Мәлдір АМАНБАЙҚЫЗЫ,
ҚМУ ГӘФ қазақ филологиясы
мамандығының 2 курс студенті

Әлемді әлдилеген, әдемілік пен әсемдікке құмар әйелдер қауымына қандай құрмет көрсетілсе де көптік етпейді. Мына қоғамда әйел ұғымы кең мағынада қолданылады. Әйел – әлемнің бір бөлшегі. Әйел ең бастысы бұл – ана. Ана ол әлемді әнімен әлдилеген, аялы

рекеге қызу дайындықпен кіріседі. Ия, бұл біздің мереке десек те, біз үшін жанын аямайтын ер адамдарымыз да баршылық. Аналарымыздың, апаларымыздың күлімдеп шуақ шашып жүруі әрине, әкелеріміз бен ағаларымыздың арқасы десек қателеспейміз. Бұл күн берекеге, мейірбандылыққа толы күндердің бірі. Әйел жаны нәзіктікті талап етеді. Осы мерекенің қыз секілді қылықты, күлімдеген күн бейнесін көрсететін көктемде келуі



табиғи құбылыс. Әйел жаны табиғат құбылысының бірі – көктем мезгілі секілді. Көктем қызғалдағындай құлпырған, күндей күлім қаққан, жан дүниесі көк аспандай тазалыққа толы, сарқырап аққан өзен суындай тұнық, тау шыңындай биік белестерді бағындыра алатын жандар.

Біздің қоғамда әйелдердің, қыз-келіншектердің алатын орны ерекше. Әйел адам қай салада болмасын қабілетті. Жанына сабырлық пен салмақтылықты серік еткен қазақ әйелдерінің ішінде өздерін әр салада әр қырынан көрсеткен талантты тұлғалар жетіп артылады. Сонау тарих сахарасына саяхат жасайтын болсақ «қазақтың батыр әйелдері» деп сақ патшайымы Томирисі, Заринаны айтуға болады. Тарих толқынынан ұзамай Ұлы Отан соғысын сараласақ,

алақанымен аялаған құшағы қамқорлыққа толы, жүрегінде мейірім шуағы шоғырланған қадірлі де қымбатты жан. «Ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тірліктің қайнар бұлағы» - деп ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, ана расында да қиындық қамалын қашанда өз сабырлығымен жеңе білген.

Ана ұғымында тақырып қозғауда ақын жазушыларымыз өздерінің ойларын ұлағатты ұлы, көркем сөздермен жеткізген. Бір ғана Ф.Мүсереповтің өзі «ана» тақырыбында қаншама шығарма жазды десеңші. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы айтқандай: «Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі де ананың ақ сүтімен тарайды. Әйел өзін сенімді сезінген жерде отбасы да берік, балаларының болашағы да жарқын», - деп өзінің ой пікірін білдірген.

Орыстың ұлы жазушысы М. Горький «Дүниедегі асыл атаулының бәрі күннің нұрынан, ананың ақ сүтінен жаралған», деп ойын жеткізеді. Қыз емес, қыздың аты қызыл алтын, Көрінер толған айдай жүзі жарқын. Үлкеннің алдын орап, сөз сөйлемес, Халықтың сақтай білген ізгі салтын - деп халқымыз қыз баласының қадір-қасиетін осындай өнегеге толы өрнектелген өлеңмен жырлаған. Наурыз айының алғашқы мерекесі әйел атауы үшін айтулы күн.

Көктем келіп, жер жүзі жадырап, шапағатқа бөленеді. Барлық адамзат баласы көктем шуағына бөленер шақта, көктемнің алғашқы айында бүкіл дүниежүзілік аналар күнін тойлайды. Аналар мерекесі әр елде әр түрлі атаумен атап өтеді. Мысалы, түрік елі «аналар» күні, ал қазақ елі барша нәзік жандылар мерекесі ретінде тойлайды. Көктем келісімен ақ жаулықты әжелеріміз, ардақты аналарымыз, құлпырған қыздарымыз осы мерекеден бір жаңашылдықты күтетіндей, ме-

қазақтың қос жұлдызына айналған Әлия мен Мәншүк апаларымыз, кешегі желтоқсан оқиғасында жанын қиған Ләззат пен Сәбира сынды «қазақтың батыр қыздары» деген атаудың куәсі.

Желтоқсан желінен жаңа дәуірдің желісіне келетін болсақ, осы жиырма бірінші ғасырда да даңқы мен даналығымен халықтың жүрегінен орын алған тұлғалар қатарына кеше ғана халық ықыласына бөленіп, жауһар жырларымен жаныңды жадыратқан Фариза Оңғарсыновадай ақын апаларымызды айтуға болады. Жанары көз жұмса да, жырлары халық жүрегіне ұялаған ақын апамыздың жаны жәннат төрінен орын алсын. Марфуға Айтқожина, Күләш Ахметова сияқты апаларымызды ақындықтың айдынында қалықтаған аққудай жүректері жырмен сусындаған, қажырлы да, қайратты қазақ әйелдерінің қатарына жатқызуды болады. Қоғамда осы тұлғаларымыз батыр әйел бейнесінде көрінгенімен, отбасында олар - ана.

Қазақтың қызы деген ғажап атқа ие болу әр қыз баласы үшін бақыт, мақтаныш. Қыздарымыз қылықты да, қайсар мінезді болуы тарих тамырымен тараған «қазақтың батыр қыздарының» өнегесі. Тарихқа көз жүгіртсек алар тәлім мен тәрбие мол Қазіргі қазақ қызының бойында тарихта аты алтын өріппен жазылып қалған Томирисің тәзімділігі, Әлия мен Мәншүктің жігері мен батылдығы, Ләззат пен Сәбираның қайтпас қайсарлығы, Фариза апамыздың ақындығы болуы қазақ тәрбиесінің бір бөлігі.

Қыз бала - ұлттың айнасы. Ұлттың айнасына дақ түсірмеу қазақ қызының басты парызы. Қыз баласы - болашақ ұрпақтың қамқоршысы, ұлттың анасы. Осындай үлгілі тұлғалардан тәлім-тәрбие алып, болашаққа белсенділікпен қарайтын болсақ қазақ қызының өмірі жарқын болмақ. Тарихқа танымал тұлғалар ел есінде мәңгілік қала береді.

Нұрын төккен көктем

Ақжанат ҚАБДЫҒАЛЫМҚЫЗЫ,
ҚМУ ГӘФ журналистика
мамандығының 3 курс студенті

Жыл сайынғы дәстүрге айналған білім ордамыздағы Өнер студиясының 8 наурыз – халықаралық әйелдер мерекесіне арнаған концертті болып өтті. Мерекелік іс-шарада университетіміздің ректоры Асқар Мырзахметұлы мен Қостанай облысы әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі директоры Жәнділде Қожахметұлы әйелдер қауымына деген ыстық лебіздерін білдіріп, елеулі еңбек сіңірген ұстаздарымызды арнайы Қостанай облысы әкімдігінің мақтау қағазымен марапаттады. Бірнешеуін келтіре кетсек, өсіп келе жатқан ұрпақты жоғары білім алуға тәрбиелеуде зор үлесін қосқаны үшін Гүлжанат Жүрсиналина, Салтанат



Нұғыманова, Бақыт Кубекова және тағы басқа да ұстаздар марапатқа ие болды.

Өнерлі жастарымыз қазақтың қара домбырасымен күмбірлеген күй тартып, домбырашылар ансамблі «Алтынай» күйі мен мерекелік іс-шараның шымалдылығын ашты. Қызғалдақтай құлпырған аруларымыздың мерекесіне ән шашулар орындалып, әр факультеттің «2014 жылғы Аруы» деп танылған арулары сахнаға шақырылып, олардың құрметіне әсем әуен тарту етілді. Мың бұралған бишілеріміз би билеп жиналған көпшілікке өнерлерін көрсетті. Асия Беркенованың жетекшілік етуіндегі Өнер студиясының жастарының бойынан талант пен шеберлікті кездестіруге болатынына көзіміз жетті. Ендігі кезек жастарымыз 22 наурыз қазақ халқымыздың төл мейрамы, жаңа жылымызға арналған концертпен жалғасты.